


Салалас құрмалас сөйлем

ОРЫНДАҒАНДАР: НҰРЛАНОВА НҰРЖАНАТ,
САРЖАЙ ОЛЖАС





□ **Салалас құрмалас** сөйлем баяндауыштары жақтық формада қатысқан компоненттерден құрылады, яғни бұл баяндауыштар тиянақты финиттік деп аталатын тұлғада тұрады.

□ Салалас құрмалас сөйлемдер байланысу амалдарына қарай *2 топқа* бөлінеді

- *Орын тәртібі (жалғаулықсыз) арқ. ұйымдасқан – бұлар іргелес салалас құрмалас сөйлем деп аталады. Сәнжанның көңілі көтеріңкі, қабағы ашыңқы.*
- *Жалғаулықтар компоненттерін байланыстырып ұйымдасқан – бұлар жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем деп аталады.*



А.Байтұрсынов
іргелес деп қатар
келіп, мағына
жағынан өзара
қатысты тұлғаларды
атайды және ғалым
оларды құрмалас
қатарынан бөлек
қарайды. *Күн ашық.
Тоғайлар шат. Ың-
жың орман.*

ЖАЛҒАУЛЫҚТЫ САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ ТҮРЛЕРІ

- *Ыңғайластық жалғаулықтар: және, сонан, соң, әрі, да, де*
- *Себептік жалғаулықтар: сондықтан, сол себепті, сол үшін, сонан соң, өйткені*
- *Көп функционалды : деп жалғаулығы*
- *Талғаулықтық жалғаулықтар: не, немесе, болмаса, әлде*
- *Қарсылықтық жалғаулықтар: бірақ, алайда, әйтсе де, әйткемен, әйтпесе, сонда да, онда да*

ЖАЛҒАУЛЫҚТАР ҚАТЫСУЫНА ҚАРАЙ 5КЕ БӨЛІНЕДІ

*Ыңғайластық
салалас құрмалас*



*Қарсылықтық
салалас құрмалас*



*Себептік салалас
құрмалас*



*Деп жалғауының
қатысуымен
құралған салалас
құрмалас*



*Талғаулықтық
салалас құрмалас*



ЫҢҒАЙЛАСТЫҚ САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛДЕМДЕР

Ыңғайластық
салалас құрмалас
жалғаулықтары
ұқсас процестер
арқылы
киылысып, ұқсас
қызмет
атқарады.


Бұл құрмалас
сөйлем
компоненттері
жалғасып келетін
пікірді
хабарлайды.
Ыңғайластық
аталуы да осы
себептен.

Жыраның бұл
тұсы адам бойын
жасырарлық теп-
терең еді *және*
түбі – нақ жиегіне
дейін бидайығы
мен құрағы аралас
өскен қалың
жыныс.

Байланыстырушы қайталама қатысып құрылатын *мезгілдік қатынасты салалас құрмалас сөйлемдер*

Ілгері компоненттің баяндауышы *өткен шақ есімше* – *соң* үлгісімен қайталанып компонентті кейінгі позицияда тұрған компонентпен байланыстырады.

Қаншама күдіктенгенмен, келіні мен інісінің тарапынан сезікті ештеңе таба алмаған, *таба алмаған соң* тағдырдың жазуына амалсыз көнген.



ҚАРСЫЛЫҚТЫҚ САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР

Қарсылықтық салалас құрмалас сөйлемдердің құрылымдық (гр-қ) белгісі – қарсылықтық жалғаулықтар. *Бұл жалғаулықтар қызмет, жұмсалыу ерпекшелігіне қарай мынадай топқа бөлінеді:*

Бірінші топ: бірақ,
алайда, ал

Екінші топ:
*әйткенмен, әйтсе
де, сөйтсе де*

Үшінші топ:
*сонда да, онда
да*

Төртінші топ:
әйтпесе



1. Сол базардың кіндігі болған көк үй әл
тұр, **бірақ** құр сілімтігі қалыпты (Ғ.
Мұстафин).

2. Түн ол күні бұлтты көзге түртсе
көрінбейтін қараңғы еді, **әйткенмен**
Ботагөз қайда келе жатқанын шамалайды
(С.Мұқанов).

3. Осы қауырт жұмыста Байжан
Гүлнармен анда-санда бір-ақ кездесті, **онда**
да кешқұрым ғана (С.Мұқанов)

4. Бұтасы кемдеу, **әйтпесе** кәдімгі шалғын
бетеге (Ғ.Мұстафин).

СЕБЕПТІК САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР


Себептік қатынас адамның танымдық әрекетіне, табиғаттағы, қолғамдағы заңдылықтарды себептік байланыстарды тануда зор орын алады. Жалғаулықтары: өйткені, себебі, сол себепті, неге десең, не үшін десең, сонан соң.

Қатты жел тұрды, *сондықтан* бұлт көшіп кетті.

Жол дегеннен әлдеқашан айрылған болуымыз керек, *өйткені* пәуескенің селкілдеуі жаман.

ДЕП ЖАЛҒАУЛЫҒЫ ҚАТЫСЫП ҰЙЫМДАСҚАН ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР

Деп-ті жалғаулық қатарына жатқызып, оның құрмалас сөйлемдер құруға қатысуын анықтап айтқан Н. Сауранбаев. Бұл тұжырымды *1940ж. шыққан еңбегінде айтқан.*



Мынадай мысалдар келтірген:
1. Хабар келе ме деп, күн сайын күтеді. 2. Осы алдап қолға түсіргелі жүр ме деп ойлаған Амантай уәде берген жоқ.

□ *Деп* ұйымдастырған салалас құрмалас сөйлемдер мынадай мағыналық қатынастарды білдіреді.

*Себептік қатынас:
Асан бұзылады деп,
біз де бұзыламыз
ба? (Б.Майлин).*

*Объектілік қатынас:
Басқаның реті келмес
деп, өздері де ойлап
отыр (Б.Майлин).*

ТАЛҒАУЛЫҚТЫҚ САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР

- Оқиғалардың, кісінің танымдық әрекетін, болжамды талғамдық ретпен хабарлайтын құрылымдарды *талғаулықтық салалас құрмалас сөйлем дейді.*
- Талғаулықтық салалас құрмалас сөйлемдерді ұйымдастыруға мына жалғаулықтар қатысады: *не, я, болмаса, немесе, біресе және де жоқ, алде сөздері де пайдаланылады.*

Теңіздің беті **біресе** тынши қалады, **біресе** бұйра толқындары жағаға секіріп жатады (Ж.Аймауытов). **Не** көз тоқтатар қылаң көрінбейді, **не** құлақ қағар дыбыс естілмейді (С.Мұратбеков).

